


Адам баласы «қамшының сабындай» қысқа өмірінде өз талғамы бойынша әр нәрсеге талаптанады. Қазақ халқының атадан балаға жалғасқан дәстүрлі ойын түрлері, спорттық сайыстар, күсбегілік, палуандық өнерлері, ат баптау қатарлы сан алуан салт-дәстүрлерге бай. Мен жас кезімде ауыл балаларының бірі ретінде жүйрік байлап, жақсы ат мінген, шаршы аланда өнер көрсетіп белдескен азаматтармен бірге сал-серілерді көргенде қызықтап әрі армандап солардай болғым

Сондай-ақ бұл өңірден ата-баба дәстүрін жалғастырып сәйгүлік баптаған аға буын өкілдері Нұқ, Қағазбек, Қаукен, Сүйеніш, Базархан, Жомарт, Сәбитхан, Машан, Донай, Асылбек, Батырхан, Құрылхан, Қадыс, Құрметтерді атауға болады. Ат баптаудың қыры мен сырын білу үлкен еңбек, ер азаматқа лайықты кәсіп деп көремін. «Жігіттің сарасы – бес бесті атты қартайтады» деген аталы сөз бар. Мен өзім 1968 жылдан бастап ат баптап, торы жорғаны бәйгеге

АТАДАН МИРАС АРҒЫМАҚ

келетін. Баяннуур сұмыны Ақарал өлкесінде белдеуінен ат, табағынан ас кетпеген киелі де құтты шаңырақ көп болды. Аймақ орнаған жылдары үкіметтік тойда осы



өңірдің ат бапкері Жықайдың көк аты, Күренмөріннің құласы, Қабдыраштың құла төбелі, Қасиханның ақ шұбар жүйріктері аламан бәйгенің алдынан көрініп жүрді. Аймақ халқына танылған құла жүйріктің шабандоз балалары Әміреұлы Дербетхан, Қомшықұлы Шәріптер еді. Баян-Өлгий аймағы орнауының 20 жылдық мерейтойында осы сұмындық Қонғанбайдың құла аты бірінші келген. Шабандоз баласы Ермекұлы Тілеубай еді. Ал аймақ орнауының 40 жылдық тойында Қомшықұлы Шәридің көкала аты бас бәйгені алып, Баяннуур сұмынының мақтанышы болды. Ақарал өлкесінен туып шыққан аймақтық саңлақ атбапкерлер Дамыс, Ақыл, Арғынбай, Өнерхан, Әскерлер келешек жастарға үлгі өнеге болуда.

қостым. Осы кезде үзегілес жүрген адамдар Әбейдің ала аяқ жирен жорғасы, Меденнің жирені, Байжұманың жирені, Самалханның ақжалы, Сансызбайдың бурылы, Өкейдің торысы, Разаданың сарысы, Шаймарданның керісі, Түсіпханның қара жорғалары сұмын халқы жақсы біледі. Нағашы ағам Көден ақсақалдың сыйлаған қызыл жүйріктен бастап құла ат, қарагер, құла төбел жүйрік қатарлы аттарды баптап, қырықтай жыл осы өнермен айналыстым.

Осы еңбегімді бағалап 2016 жылы аймақтық саңлақ ат бапкері атағына ие болдым. Жастарға айтарым қажымай-талмай еңбектеніп, алдыңғы буын ағалардың ізін жалғастырып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді нәсіп етсін демекпін.

Тоқтаған Қыдырханұлы

ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАР «ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫН ТАМАШАЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz> Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті 2001 жылы бұрынғы 1985 жылы ашылған шетелдіктерге арналған дайындық факультеті негізінде құрылды. Факультет құрылғаннан бастап әлемнің 100-ден аса елінен келген 7000-ға жуық шетелдіктерді оқытып шығарды. Олардың ішінде Факультет 2001 жылдан бері президенттік бағдарламаның негізінде 2000-нан аса шетелдік қазақ диаспорасының өкілдерінен тұратын тыңдаушыларды ҚР ЖОО түсу үшін дайындады.

Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық жағдайдың тұрақтылығы, ұлттар мен ұлыстардың өзара татулығы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығы тарапынан студенттердің жақсы оқуы мен өмір сүруі үшін жасалған жағдайлар, ең бастысы оқу сапасы, шетелдік студенттердің біздің факультетімізге келіп оқуына ықпал етеді. Факультетіміздің кезекті осындай іс-шарасының бірі 2023 жылдың 19 ақпаны күні Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті <https://www.kaznu.kz>, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының жанындағы «Жас тарихшылар», «Мұражайтану» және «Өлкетану», «Парасат», «Шамшырақ» үйірмелерінің ұйымдастыруымен «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында өткізілді.

Бұл іс-шарамыздың мақсаты, тыңдаушыларға ежелгі Қазақстан тарихы кезеңіндегі өтілген сабақтарымен байланыстырып, оларды ғылыми-танымдық және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дамыту және төл тарихымызды насихаттау. Іс-шара «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімінің жетекшісі Ж.Құрбанәлінің және экскурсаводы А.Қосжанованың көмегімен, мұражайдағы экспонаттар бір-бірлеп таныстырылып, тыңдаушыларға көрсетілді. Әсіресе, Алтын адам және онымен бірге табылған жәдігерлерге кеңінен таныстырылым жасалды. Іс-шараға Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Иран және Ауғанстан келген 60-қа жуық тыңдаушы қатысты. Іс-шара өз мақсатына жетіп, жоғары деңгейде өтті.



әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушылары:
Мажықызы Нурлыхан,
Сағнайқызы Самал, Габитова
Венера Асылбековна

Киелі Қызылқайың өлкесінен түлеп ұшқан сұмынымыздың өркендеуі жолында өз үлестерін қосқан адамдардың ерен еңбектерін келер ұрпақ ұмытпасы қақ! Сұмынымыздың өркендеп, өсуі жолында сұмын, бірлестік, басшыларын былай қойғанда қарапайым еңбек адамдарының табан ет, маңдай терлерінің өтеуін зиынды ұрпақ ұмытуға есте болмайды! Тарих доңғалағы хандардың қарашаны қан жылатқан қан кешулерімен ғана айланып тұрмағаны белгілі. Тарихтың қан тамыры-халық. Ендеше Қызылқайың деген ең алғаш орнаған іргелі сұмынның көркейіп, өркендеуі үшін, темір тұлпарды тізгіндеп, сонау Ойғыр басынан тартып, ақтүтектерде Дайын, Ой қарағайларға ел көшіріп малшылардың алғысына бөленген марқұм ағамыз Хамзаұлы Арапаттың бел шешіп үйде отырмай “Зил-130” машинасымен 1500000 км, сапар жол шеккенін кейінгі ұрпақ біле бермес. «Жақсының аты өлмейді» демекші ел арасында құрметке бөленіп Арпи аға атанған ақкөңіл,елгезек, көпшіл адамды

екені сол дәуірдің адамдарына аян. Елдің көбі түйемен көшетін. Сұмын, бірлестіктегі екі-үш машина жаппай даяшылық жасауға жетісе бермейтін. Осыдан-ақ, сол кездегі тізгіншілердің жұмысының қаншалықты ауыр болғандығын аңғаруға болатындай. Көліктері бұзылса да жөндеуші өздері. 1969-1973 жылға дейін аймақтық 21 автобазада тізгіншілік қызметін жалғастырып тұрған. 1973-1993 жылдары кіндік қаны тамған ауылында тізгіншілік қызметін жасап, ел құрметіне бөленді. Сұмын, бірлестік басшылары еңбек жолын бағалап сұмындық сегіз реткі «саңлақ тізгінші» болдырып сыйлаған екен. 5, 6, 7 бес жылдық «Еңбек екіпіндісі», халық революциясының 50, 60, 70 жылдық медалдарымен, өкімет орнының «Құрмет грамотасымен» сыйланып еңбегінің жемісін көрген. «Маңдай алды тізгінші» Арпиді Улаанхус сұмын халқы қадірлеп бірнеше рет сұмындық депутат қылып сайлаған. Адамның өзі емес ұрпағы мың жасайды демекші 7 ұл, 5 қызын тәрбиелеп өсірген Арпи ағаның жұбайы Зарқұмар Қазықызы да

Темір тұлпарды тізгіндеп, жасаған елге қызмет...



ересек бала күнімізде көзіміз көрді. Руы жәдік болғандықтан менің шешеме аға, бізге нағашы болып келетін. Отты жанарлы, қою кара шашты сол ағамыздың бейнесі мәңгі есімде қалыпты. Өз тұсында халқы қадірлеген ағамыздың еңбек жолына тоқтала кетуді ұрпақ алдындағы борышым деп білемін.

Арпи ағамыз 1938 жылы Улаанхус сұмын өлкесінде әулеттің үлкені болып дүниеге келген екен. Бір әкеден тоғыз ағайынды. 1946-1954 жылдары М.Зайсанов атындағы Қызылқайың мектебінен білім алған. 1955-1958 жылдары ел астанасы Улаанбаатардан фото суретші, киномеханик, жүргізуші мамандықтарын игеріп еңбек жолын Ақкөл қалашығындағы жалғастыру базасында бастаған. 1960 жылдан туып өскен өз сұмынына ауысып келіп, «Алтай өркені» бірлесітігінде, сұмындық орта мектепте тізгіншілік қызметте болды. Бұл марқұмның жалындаған жастық шағы еді. Ұйымдық, мекеме басшылары жолдың ең бір қиын, батпақ сулы, таулы өлкелеріне жұмсаса да, қажымай-талмай, көлігі бұзылып жолда қалмай, малшыларды жайлауларына жеткізіп тұрған. Ол бір кез дәл қазіргідей ауыл басы машина бар шалқып тұрған заман емесі

елге сыйлы аяулы ана болған. Арпи ағамыз 1999 жылы 61 жасында дүниеден озғанымен артында өшпес сара жолы қалды. Сонау Бесбоғда мұзтаулары, Ойғыр басы, Дайын, Қу үй, Баян-зүрх, Ағуты, Үш бұлақ, Қақ елді мекендеріндегі жол сораптарын осы ағаларымыз салған десем ешкім жоққа шығармас.

Халқы қадірлеген Арапат марқұмның шаңырағын Шарифат деген азамат ұстап отыр. Жақсы әкенің рухы қырық жыл сүйрейді демекші, бұл жігітте көптің ықпалымен бақ құрылтай төрағасы болып, сайланып қызмет жасауда. Үлкен ұлы Табиғат атамекенде Астана қаласында тұрып жатыр. Ол кісі зілтемір көтеруден «спорт шебері» атағы бар спорт майталманы. Арпи ағаның он екі баласының үшеуі өкінішке орай өмірден ерте озып кетті. Күлзат, Аманбек, Арманбек (Былши) марқұмдар да елге сыйлы азаматтар еді. Үлкен қызы Күлзат, Күлшәш, Майраш, Айнаш, Бауыржан, Ақжол, Батыржан тағы басқа ұрпақтары атамекенде және Моңғолияда өмір сүруде. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегендей Улаанхус сұмын халқы Арапаттың жақсы істерін ұмытпайды.

Алаш Кеңшілікұлы,
арнаулы тілші